



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## Әлемдік және отандық тәжірибе сараптамалық



28 наурызда ҚазҰУ-да ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қайрат Келімбаев пен Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімовтің қатысуымен Біріккен экономикалық кеңістіктің «Бәсекелестік туралы» үлгілік заңының жобасын талқылауға арналған екінші ғылыми-тәжірибелік конференцияның ашылу салтанаты өтті. Оған Қазақстан, Беларусь және Ресейдің атқарушы, заң шығарушы және сот билігі мемлекеттік органдарының өкілдері мен бизнес әлемінің жетекші мамандары қатысты.

істейтін ауқымды аймақтың дамуында аса маңызды рөл атқарады», – дейді.

Мемлекет басшылары дәрежесіндегі заң жобасының білім мен ғылымның қара шаңырағында талқылануы биік мәртебе. Бұл зерттеушілікке бағыт алған ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігі мен биік кәсібилігінен хабар берсе керек.

Айта кетерлік жайт, алғашқы конференция Ресейдің Новосібір қаласында 14-15 наурызда өткен. Алғашқы сатысы бәсекелестік аймағындағы тараптардың қажетті бірыңғай нормативтік базасын құруға бағытталды. Екінші сатысы бәсекелі саясат аясындағы Тараптардың ұлттық заңнамаларын үйлестіруді көздеп отыр.

Конференция жұмысы 29 наурыз күні алты секция бойынша жалғасты. Онда Үлгілік заңының негізгі ережелері мен енгізу тәртібі қаралып, үш елдің экономикалық және құқықтық қарым-қатынасын жетілдіру мәселесі талқыланды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қайрат Келімбаев аталмыш үлгілік заңының мақсаты бәсекелі саясат әлемінде экономикалық қарым-қатынастағы құқықтық реттеуді, қадағалауды жақындастыру болып табылатындығын айтты. Бұл заңды қабылдау экономикалық және құқықтық кеңістіктегі дамудың жаңа сатысы болатынын айтты. Өз кезегінде сөз алған Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов қаланың ел экономикасындағы орнына және мұндағы шағын және орта кәсіпкерліктің даму үлесіне тоқталды.

Сондай-ақ конференция барысында Еуразия экономикалық комиссиясының бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу жөніндегі Министрі – Алқа мүшесі Нұрлан Алдабергенов «Біріккен экономикалық кеңістік аясындағы Бірыңғай бәсекелестік саясат» деген тақырыппен баяндама оқыды. «Бәсекелестік туралы заңның негізіне Қазақстан, Беларусь, Ресей және Global

Competition Review рейтингіндегі озық елдердің монополияға қарсы заңдарының үздік нормалары алынады», – деді ол. Сонымен қатар министр «Бәсекелестік туралы» үлгілік заңының артықшылықтарына, ондағы мемлекеттік сатып алу мен ел экономикасына тигізер әсеріне мән бере отырып, оның шағын және орта бизнесті қорғауға бағытталатынын жеткізді. Аталмыш заң жобасын даярлауда дағдарыс кезінде бірқатар әрекеттерге мүмкіндік беретін Қытай тәжірибесінің де қызығушылық тудырып отырғанын атап өтті.

Ал ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов өз сөзінде: «Бәсекелестікке мемлекеттік қолдау көрсету нарықтың, экономиканың, оның ішінде кәсіпкерлер жұмыс

КазНУ им. аль-Фараби удостоен международного сертификата качества Швейцарского института стандартов качества (SIQS). Сертификат вручается за высокое качество услуг в сфере образования и внедрение новых передовых методик обучения.



КазНУ им. аль-Фараби удостоен международного сертификата качества Швейцарского института стандартов качества (SIQS). Сертификат вручается за высокое качество услуг в сфере образования и внедрение новых передовых методик обучения.

## Көктеммен жеткен жалынды байқау

ҚазҰУ жастары биылғы «Студенттік көктем» байқауын өте шығармашыл, жанды, жақсы деңгейде өткізді. Байқау 1 ақпаннан 29 наурыз аралығында жүргізілген болатын. Байқаудың бірінші іріктеу кезеңінде университетімізден 2000-ға жуық студент өнерлерін көрсетті. Әсіресе биылғы байқаудың бір ерекшелігі әрбір номинацияға бір күннен берілді. Ал екінші кезең 15 наурызда өтті. Оған іріктелген 1000-ға жуық студент қатысты. Үшінші кезең күні кеше ғана өтті. «Студенттік көктем-2013» байқауының Гала-концертіне 12 номинация бойынша 300-ге жуық өнерлі марапатталды. 3-ші және 2-ші жүлделі орындарды университетіміздің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева табыстаса, бірінші орын иелерін университет ректоры Ғалым Мұтанов марапаттады. «Біз жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан университетіміздің өнерлі жастарын көріп отырмыз. Байқауға қатысып, жарысқан барлық жастарға нұрлы өмір, жарқын болашақ тілеймін. Өмірде көктемнен көркем мезгіл жоқ. Сіздер қазір өз жастарыңыздың көктемін-



де жүрсіздер. Бұл дәстүрлі студенттік байқауымыздың көктемде өтуі және байқаудың тақырыбының көктеммен байланысты болуының өзінде терең мағына бар. Сол көктемнің шуағы әрқашан көңілден кетпесін», – деді ректор марапаттау барысында.

«Студенттік көктем-2013» байқауына

қатысқан барлық жастардың жалыны сахнаға шыққан жүздері мен өнерлерінен айқын байқалып тұрды. Олардың өнерімен қоса мың құлпырған сахна тіпті әсерлі. Біресе ұлттық нақышқа, енді бірде терең сырға жетелейтін көркем құбылыстағы түстер мен әсем табиғат бедерлерінен құралған экран сәт-сайын

өуен ырғағы, студент қимылы мен мазмұнды өнеріне қарай құбылып тұрды. Көркем декорация келушілерге ерекше әсер сыйлады. Ал өнерлі жастардың өнері көрерменнің басқа бір әлемде жүргендей әсерде қалдырғаны сөзсіз.

Өнерлерімен тәнті етіп, байқауда ерекше көзге түскен студенттер ездерімен қоса факультеттеріне де жеңіс әкелді. Олар үшінші орынды халықаралық қатынастар және химия және химиялық технология факультеті, екінші орын журналистика, экономика және бизнес жоғары мектебі, бірінші орынды жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті иеленсе, гранприді Филология, әдебиеттану және өлем тілдері факультеті иеленді. Оларға ұйымдастырушылар тарапынан дипломдар мен қаржылай ақша табысталды. Байқауға қатысқан барлық жеңімпаз студенттерге демеушілер тарапынан дипломдар, түрлі сый-сияпаттар мен бағалы сыйлықтар берілді.

Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,  
журналистика факультеті  
декаанының орынбасары

# ҚазҰУ кәсіби маман даярлайды

«Қазақстан 2050» Стратегиясында – ЖОО-ларға барлық мамандықтарға арналған білім беру бағдарламаларын түбегейлі қайта қарастыру керектігі айтылған болатын. Осыны басшылыққа алған ҚазҰУ-да заман талабына сай өзгерістер енгізіп, негізгі оқу жоспарын қайта қарастыруды қолға алды.

1 сәуірдегі ректорат мәжілісінде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың қорытынды жобасы оқу жұмысы жөніндегі проректор Уәлихан Әбдібековтің хабарламасында көрініс тапты.

«ҚазҰУ-дың негізгі оқу жоспарын дайындауда «Біз отандық білім беру жүйесіне инновациялық тәсілдерді, шешімдер мен құралдарды қарқынды енгізуіміз керек» деген Жолдауда айтылған Елбасы тапсырмасы басшылыққа алынды», – деді У. Сейділдіұлы. Иә, «Қазақстан-2050» Стратегиясы білім берудің негізгі бағыттарын айқындап берген болатын. Алдымен, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті күшейте отырып, білім беру бағдарламаларын жетілдіру қажет. Сонымен қатар мемлекеттік-жекеше әріптестік жүйесінің негізінде инженерлік

білім беру мен халықаралық үлгідегі сертификат табыстауға мүмкіндік беретін заманауи техникалық мамандықтар даярлау да бүгінгі күн талабы.

Аталмыш басымдықтарды негізге ала отырып, Мектеп және ҚазҰУ өз міндеттерін айқындады. Осы орайда проректор: «Мектеп бүгінгі қоғамда өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, рухани толыққан, шығармашылық әрі құзиретті, әлеуметтік белсенді Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеуге және қалыптастыруға барлық жағдай жасауды көздейді. Ал, ҚазҰУ – кәсіби маман даярлайды», – деп ой түйді.

Еліміздің бәсекеге қабілеттілігі нақты математикалық және инженерлік-техникалық бағыттағы мамандарды даярлаумен тікелей байланысты. Ол бүгінгі таңда бір сөзбен STEM білім беру жүйесі деп аталатыны мәлім. Бүгінде әлемде STEM инновациялар жаһандық мәселелерді қамтып, ауқымды шешімдер ұсынып отыр. Демек, халықаралық STEM стандартына сай емес университеттер өзге ЖОО-лармен бәсекелестікте үнемі жеңіліске ұшырамақ. Бұл қағидаттарды жақсы түсінген ҚазҰУ ұжымы негізгі оқу жоспарын ғылыми кеңесте, факультеттерде, кафедраларда жете қарастырды. Университет басшысы академик Ғалым Мұтанов бас жоспарға асқан жауапкершілікпен қарап, белсене атсалысуға шақырды. Сөйтіп, 2013-2014 оқу жылына арналған бакалавриат мамандықтары бойынша негізгі оқу жоспарларын жетілдіру жөніндегі про-

ректор хабарламасы көпшіліктің қызу талқылауына түсті. Атап айтсақ, информатика саласында әр мамандыққа сай бағдарламаларды оқыту мәселесі кеңінен сөз болды.

Нәтижесінде ҚазҰУ-дың жаңа жоспары Еуразиялық Одақ және Назарбаев университетінің оқу жоспарымен салыстырылып, сарапқа түсті. Айырмашылықтар көп болмай шықты. Сондай-ақ бірқатар мамандықтарға интеллектуалды құқық пен инновациялық кәсіпкерлікті оқыту жаңадан ұсынылды. Қорытындысында, нақты-техникалық және әлеуметтік-гуманитарлық мамандықтарға арналған негізгі оқу жоспары тағы бір пысықталды.

Сонымен қатар мәжілісте кафедра-лар мен факультеттердің бәсекелік артықшылықтарына негізделген жүзеге асыруға дайын серпінді жобаларын бекіту жөнінде декандар хабарламалары тыңдалды. Әр түрлі мәселелер қаралып, шәкіртақылар табысталды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



## «Super эдвайзер»

Сайысқа қазақ филологиясы кафедрасының доценті Мәкен Мамаева, қазақ әдебиеті тарихы және әдебиет теориясы кафедрасының доценті Сәлима Қалқабаяева, орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының доценті Жанар Қиынова, аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының доценті Ермек Адаева, жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы Төлеген Меркібаевтар қатысты.

Сайыс үш кезеңнен өткен болатын. Алғашқы «Таныстыру» бөлімінде әр эдвайзер-ұстаз жаңа технологиялық құралдармен жұмыс жасап, кішігірім фильм, слайд арқылы жоғарғы деңгейде өздерін таныстырды. Екінші «Дода» сұрақ-жауап кезеңінде қатысушылар ҚазҰУ оқытушысы білуге міндетті сұрақтарға, эдвайзерлік ететін тобына байланысты сұрақтарға және түрлі студенттік шақтарға байланысты әртүр-

лі жағдайға құрылған оқиғалық сауалдарға әзіл-шын аралас жауап беріп, аудиторияны ерекше көңіл-күйге бөледі. Оған қоса Гүлмира Құдайбергенқызы эдвайзерлік жұмыстарын қаншалықты жақсы білетініне көз жеткізу үшін сұрақтар қойып, көңіл толтырарлық жауап алды. Сайыстың ең қызықты, дәмді тұсы эдвайзерлердің өз топтарымен көрсеткен өнері, яғни «Үй тапсырмасы» сайыскерлеріміздің біз білмейтін қырларын көрсетті. Көрсеткендер мен жанкүйерлерді одан әрі қызықтыра түскен осы үшінші кезең еді. Себебі бұл бөлімде шетел тілдерінде ән шырқалды, түрлі би биленді, бір сөзбен айтқанда, нағыз «шоу» осы арада өтті.

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті деканының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Қазыбек, ғылыми-инновациялық жұмыстар мен халықаралық байланыстары жөніндегі орынбасары Жұлдыз Есімова және фа-

культеттің аға-эдвайзері Эльмира Бектұрова дүркірей өткен соңғы бөлімнен соң сайыс нәтижесін жариялады. Сонымен, факультеттің «Super эдвайзері» Ермек Адаева болып танылды. Сондай-ақ «Сегіз қырлы, бір сырлы», «Күміс көмей эдвайзер», «Сұлу сөздің шебері», «Көрсеткен көзайымы» номинациялары тағайындалып, сыйлықтар ұсынылды.

Осы сайысты өткізіп отырған факультеттегі студенттер мәслихатының ұжымы сайыс басталмас бұрын ұйымның жеке веб-сайтында сауалнама жүргізген болатын. Оған 1500-дей адам қатысып, Жанар Қабдлұшымовна 33,3% көрсеткішпен оза шығып, ұйымның дайындалған арнайы сыйлығына ие болды.

Студенттер мәслихатының ұйымдастыруымен биыл алғаш өткен бұл сайыс келер жылдары да өз жалғасын таппақ.

Зейнегүл ЖҰМАБЕКОВА,  
филология, әдебиеттану  
және әлем тілдері факультетінің  
3-курс студенті

Университетімізде өткізілетін іс-шаралардың санын «Super эдвайзер» атты жаңа байқау толықтыра түсті. Кафедралар арасында басталған сайыс жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде ұстаздар мен студенттердің қолдауымен өтті.

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТРЕНДІ

2013 жылы 28 наурызда осы тақырыппен экономика және бизнес жоғары мектебінде Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландырылуы бойынша жүзеге асатын ұжымдық монографияның шығарылуына орай дөңгелек үстел өтті.

Бүгінде инновациялық даму елдің келешекке бастайтын тірегі ретінде өз бағытын айқындап келеді. Бұл Елбасының Жолдауында өзекті мәселе ретінде жолға қойылды. Халықаралық қауымдастық бүгінде әсте тарихи уақыттың

жеделдетілуіне, демографиялық баланс сақтауға, азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздікте, су мен өзге ресурстардың тапшылығын болдырмау, үшінші индустриалды экономиканы құруда, өркениет дағдарысы, әлеуметтік теңсіздік, сондай-ақ тұрақсыздық секілді қауіптерді еңсеруге баламалы түрде жауап іздеп, келешекке кемел сенім ұялататын экономикалық әлеуметтік мәселеге ұйытқы болатын бастамалар айтылып, оның шешу жолдары қарастырылды. Әрбір мемлекет инновациялық дамуының негізгі факторы ретінде, экономикалық жетістіктері мен келешегіне нық сеніммен қарау

үшін, өндірісте жаңа табыс көздерін іздеуге күш жұмылдырып отыруы тиіс. Үшіншіден, көшбасшылық, тек жаңа бағытқа бет бұрған бірыңғай ұлттық инновациялық жүйесін табанынан тік тұрғызған тоқтаусыз жаңа білім мен ғылымға етене бет бұрған елдерге ғана тән.

Аталмыш жиын осындай тұшымды да сауалы көп мәселелерге жауап іздеді. Онда ой таласы мен келелі экономика қалыптастыру жөніндегі ұстанымдардың әртүрлі көзқарастары да көрініс тапты.

Н.Ш. ӘЛЖАНОВА,  
Экономика және бизнес  
жоғары мектебі деканының  
орынбасары

### Конкурс к юбилею!

В КазНУ им. аль-Фараби объявлен конкурс на лучший эскиз юбилейной символики, посвященной 80-летию университета.

В конкурсе могут принять все желающие. Лучшая работа будет отмечена специальным призом.

Работы (эскизы) принимаются до 20 апреля в электронном виде в форматах CDR или PSD по адресу г. Алматы, ул. Аль-Фараби, 71, издательство «Қазақ университеті»

(Молдир Омиртайқызы,  
тел: 8 (727) 377 34 11,  
8 707 261 2931,  
info@magkaznu.com).

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Швейцариялық SIQS сапа стандарттары институтының халықаралық сапа сертификатына ие болды

## Сыры мол жыр кеші

Күні кеше шығыстану факультетінің арабтану және ирантану кафедрасында «ҚазҰУ студенті оқуға тиісті 100 кітап» атты жоба аясында қызықты кездесу өтті. Бұл мәдени шара қазақ поэзиясының аспанында жарқ етіп жанып өткен Төлеген Айбергеновтің шығармашылығына арналды.

Арабтанушы және ирантанушы студенттер мен ұстаздар ақынның «Бір тойым бар» атты кітабында жинақталған жырларды жатқа оқып, ақын өлеңдеріне жазылған әндермен сусындады. Кафедра ақсақалы профессор Өтеген Күмісбаев Төлеген Айбергеновтің шығармашылығынан сыр шертіп, жастық шағын еске алып, Айбергенов әлемінен өзіне таныс сәттердің кейбір тұстарын айтып толғанды. Жыр кешіне ақынның қызы Салтанат Айбергенова қатысып, әкесі туралы естеліктер айтып, өлеңдерін оқып, өзі жарыққа шығарған әкесінің «Мені ізде» атты электронды кітабымен таныстырды. Төлеген Айбергеновтің

өлеңдерінің бұл электронды нұсқасы заман талабына сай көркем, үлкен талғаммен дайындалған дүние екен.

Студенттер оқыған өлеңдердің арасында ақынның студент кезінде жазылған шығармалары да болды. Ақынның анаға, Атамекенге, қоғамға, өмірге деген махаббатынан туған жыр жолдарын тыңдай отырып, Төлеген Айбергенов шығармаларынан бүгінгі жас, ертеңгі маман әрі/рухани, әрі эстетикалық тұрғыда тәрбие алды деп ойлаймыз.

**Бәтiш АТАБАЙ,**  
Арабтану және ирантану  
кафедрасының доценті

Мен бүгін №16 студенттер үйінде тұратын экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттерін жаңа қырынан таныдым. Жуырда менеджмент және маркетинг кафедрасында «Поэзия! Менімен егіз бе едің» тақырыбында кеш өтті.

## «Поэзия! Менімен егіз бе едің»

Кеш бастала салысымен жатақхананың актілік залы әп-сәтте студенттерге толып кетті. Біреуінің қолында домбырасы, біреуінің иығында гитара, ақын қыздар қолында өлең жазған дәптерлері бар.

Кешті 1-курс студенті Жанерке Баубекқызы М. Мақатаевтың өлеңімен ашты. Сонан соң 4курс студенті Талғат Айбусинов домбырамен Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңін орындап берді. Ал 1-курс студенті Төлеген Эльмира өзі жазған «Анама» атты өлеңін оқып, барлығымызды риза етті. Тағы да бірнеше жас ақындар өз шығармаларын көрермендер назарына ұсынды. Маған Ақбота Салғараеваның оқуындағы М.

Мақатаевтың «Тағы да Майгүлге» өлеңі мен «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзіндісі үлкен әсер қалдырды. Ол осы өлеңдердің әрбір сөзінің мағынасын, ақынның сол кездегі жан сезімін менің жүрегіме терең жеткізгендей болды.

Кезек гитараға да келіп жетті. Экономика мамандығының 1-курс студенті Әділ Алтай халыққа танымал «Жан анам», «Сенің көзің» әндерін орындады. Домбыра шертіп, гитарамен әндетіп, бір-біріне мейіріммен күлімдесіп отырған студенттерді көріп қатты қуандым.

**Сауле КУПЕШОВА,**  
менеджмент және маркетинг  
кафедрасының доценті

## Наркомания – проблема общая



Известная неправительственная организация «Всемирная лига «Разум вне наркотика» вышла с предложением к КазНУ им. аль-Фараби о проведении совместных проектов по формированию у студенчества осознанного иммунитета к наркотикам. Руководство университета поддержало инициативу общественной организации и выразило готовность к партнерству в этом важном деле.

Обращаясь к ректору КазНУ Галыму Мутанову с предложением о сотрудничестве, директор Всемирной лиги Денис Потоцкий отметил: «Вы руководите ведущим вузом Казахстана и делаете это настолько успешно, что знание в стенах университета не только сохраняется и передается, но и производится. Казахский национальный университет выполняет и репрезентативную функцию. Вы представляете для мирового сообщества образцовый пример высшего образования в Казахстане».

Первым совместным проектом станет антинаркотическая выставка «Maуa Planet: Мир против наркомании». Также для

студентов и преподавателей с лекцией о вреде наркомании и современном взгляде на эту проблему выступит президент Всемирной лиги, профессор Женишбек Назаралиев.

Следует отметить, что почетными членами Всемирной лиги являются экс-генеральный секретарь ООН Кофи Аннан, духовный лидер буддистов Далай Лама, Премьер-министр Австралии Джулия Гиллард, Федеральный канцлер Германии Ангела Меркель, актер и политик Арнольд Шварцнегер, заместитель председателя компартии КНР Чэнь Сывень и другие известные люди.

Пресс-служба КазНУ

Жастарды білімді әрі білікті маман ретінде қалыптастыра отырып, олардың бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілге құрмет көрсету, яғни білім бере отырып тәрбиелеу – қазіргі таңдағы жоғары оқу орындарының алдына қойған басты мақсаттарының бірі.



## «Өзге тілдің бәрін біл...»

Университет қабырғасында өтіп жатқан тәрбиелік мәні бар іс-шаралардан халықаралық қатынастар факультеті қалыс қалмаған. Осы орайда, жуырда факультеттегі дипломатиялық аударма кафедрасының ағылшын тілді оқытушыларының ұйымдастыруымен «Ең үздік аударма» атты байқау өтті. Байқау ережесі бойынша ағылшын тілін жақсы меңгерген және ақындық қабілеті бар 1-3 курс студенттері алдын ала берілген 2 өлеңді ағылшын тіліне аудару талап етілді. Өлеңнің бірі қазақ тілінде, екіншісі орыс тілінде. Екі өлең де патриоттық тақырыпта жазылған. Жалпы, бұл іс-шараның басты мақсаты - студенттердің Отанға, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ағылшын тілін қаншалықты жақсы меңгергендіктерін көрсету және ақындық шеберліктерін шыңдау.

Қатысушылардың барынша жақсы дайындалып, байқау жеңімпазы болудан үміткер екендігі байқалды. Ал жеңімпаздардың білімін анықтауда, ақындық өнерлерін бағалауда дипло-

матиялық аударма кафедрасының ардагер оқытушылары М.Макишева мен З.Токмухамедова төрелік етті. Олар студенттердің еңбектерін әділ бағалау мақсатында әрбір аударманы жіті қарап, сөйлемдердің грамматикалық тұрғыда дұрыс құрастырылғанын, лексиканың орынды қолданылғанын, сөзбе-сөз аудармаға жол берілмегендігін, тілдің стилистикалық ерекшеліктерінің сақталғандығына баса назар аударды.

Байқау қорытындысы бойынша, бас жүлдеге 2-курс студенті Мөлдір Хасан лайық деп табылса, 1-орынды Алуа Төлеуова, 2-орынды Әйгерім Әмірханова, 3-орынды Меруерт Есалиева мен Жансая Отызбаевалар иеленді. Байқауға қатысқан басқа студенттер мақтау қағаздарымен марапатталды.

**Ләйла ДҮЙСЕЕВА;**  
**Арай ХҰРМЕТ,**  
халықаралық қатынастар факультеті,  
дипломатиялық аударма  
кафедрасының аға оқытушылары

Жақында халықаралық қатынастар факультетінің халықаралық құқық кафедрасының бастамасымен PhD докторанттары мен магистранттардың «Құқық және қауіпсіздік» пікірсайыс клубының ашылу жиыны өтті.

## «Құқық және қауіпсіздік» пікірсайыс алаңы

Бұл клуб PhD докторанттары мен магистранттарға халықаралық құқықтық болмыс және қазіргі докторина жетістіктерін қолдану тәжірибесінің түрлі аспектілерінің жағдайын, көкейкесті мәселелері мен болашағын талқылайтын ашық алаң қызметін атқаратын болады. Себебі «халықаралық құқық» мамандығының PhD докторанттары мен магистранттары «заңгер – халықаралық саясат білгірі – зерттеуші» білімдерін бойына сіңіре отырып, ақылмен сөйлеп, алғыр ойлауы қажет.

Халықаралық қатынастар факультетінің деканы профессор Кәрімжан Шакиров магистранттар мен PhD докторанттары үшін диалог алаңының ашылуы үлкен мүмкіндіктер туғызады деп санайды. «Пікірсайыс алаңы қатысушылардың білімін жетілдіруге, қоғамда орын

алған өзекті мәселелердің жауабын табуға ықпал етеді. Біздің мақсатымыз магистранттар мен PhD докторанттарын тыңдаушы ғана емес, сонымен бірге толғағы жеткен көкейкесті мәселелерді талқылауға өз идеяларымен келетін серіктес жасау», – деді ол.

Пікірсайыс клубының құрушы-үйлестірушісі доцент Ж.М. Аманжолов клуб қызметінің басты бағытының бірі – ойлау қабілетін және бейімділігін табу, дамыту, есту, тыңдау қабілеті және өзгелерді сендіру, сыни ойлау қабілеті және өзінің де, өзгенің де пікіріне сыни көзқараспен қарау арқылы PhD докторанттары мен магистранттардың ғылыми тілдесу ортасын құру деп көрсетті.

**А.А. ДӘУРЕНБЕКОВА,**  
1-курс магистранты

В НИИ проблем экологии КазНУ прошел круглый стол, посвященный пропаганде знаний по охране и рациональному использованию водных ресурсов



**«Қазақстан-2050» Стратегиясын орындау білімді жастар үлесіне тиеді**

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы барша халықтың назарында.

Бұл Жолдауда тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның қол жеткізген табыстары мен келешектегі кең ауқымды жоспарлары жөнінде айтылған Президентіміздің сөздері біздің ел болашағына деген сенімімізді арттыра түсті. Елдің алдына жаңа мақсат, міндеттер қойылды. Осы міндеттер орындалу үшін баршамыз өз үлесімізді қосуымыз керек.

Елбасы еліміздің болашақтағы даму жолдарын айта келіп, жастарды тәрбиелеуге байланысты мәселелерге ерекше көңіл бөлді. Себебі, Стратегия – ұзақ мерзімге арналған құжат. Жолдаудағы міндеттерді атқару, әрине, жастардың үлесіне келеді. Президент өзінің сөзінде «Қазақстанның болашағы, сендердің қолдарыңда», – дей отырып, жастарға үлкен үміт және сенім арттырады. Сондықтан жастар белсенділік танытып, еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпалын тигізе алатындарын жақсы түсіну керек.

Қазақстанды өркениетті бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосамыз десек, білімді азаматтарды тәрбиелеу ең басты міндет болуы тиіс. Бұл салада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ерқашан көшбасшы болып

келеді. Университетте білім беру жүйесін қалыптастыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жолдаудағы білім беру саласындағы бағыттарын іске асырып, тапсырмаларын орындауда да табысты боламыз деп ойлаймын.

Сондықтан оқытушылар университет қабырғасында оқып жүрген студент жастарымызға рухани-мәдени тәрбие беріп, өндіріске бейімді білім алуына ықпал етіп, студенттердің Қазақстанның өркендеуінің кепілі екенін олардың санасында қалыптастыру негізгі міндеттеріміздің бірі деп қабылдау керек.

**Есбол ЖАМАЛБЕКОВ,**  
*география және табиғатты пайдалану факультетінің профессоры*

**Свое Послание «Стратегия «Казakhstan-2050» – новый политический курс состоявшегося государства» Президент Республики Казахстан – Лидер нации Нурсултан Назарбаев начал с подведения итогов реализации стратегии.**

# ПОСЛАНИЕ – ПОЗИТИВНЫЙ ИМПУЛЬС НОВЫХ ИДЕЙ

Пятнадцать лет назад цели, которые озвучил наш Глава государства, многим казались недостижимыми и нереалистичными. Было много скептиков, которые твердили, что молодой и неокрепшей Республике не достичь намеченных высот. Однако время убедительно показало глубокое стратегическое мышление Главы государства. Сегодня казахстанцы имеют полное право гордиться успехами, которые достигла наша страна под руководством Нурсултана Абишевича. Причем успехи были достигнуты по всем направлениям, указанным в далеком 1997 году в Стратегии «Казахстан – 2030». Наша страна получила мировое признание государств и международных институтов. Нам удалось сохранить внутривнутриполитическую стабильность и национальное единство. Экономика Казахстана развивается ускоренными темпами, с возрастанием доли инновационных производств и предпринимательства. Из года в год мы наблюдаем улучшение показателей социальной сферы.

Когда из-за мирового кризиса даже развитые страны вынуждены были пойти на сокращение социальных расходов, наш Президент твердо и уверенно

проводит курс увеличения инвестиций в человеческий капитал.

И сегодня, когда большая часть поставленных целей достигнута. Существующие условия отличаются от тех, что были 15 лет назад и мы обязаны использовать их в целях дальнейшего процветания нашего Казахстана. Президент в новой стратегии “Казахстан – 2050” отмечает, что казахстанцы – молодая нация и это дает нам преимущество на мировом рынке труда, где наши специалисты являются конкурентоспособными.

Следует отметить, что Президент, как всегда, уделяет много внимания молодежи – будь то вопросы занятости, образования, науки, духовного воспитания. Глава государства подчеркивает, что молодое поколение воспитано в духе независимости, чего не было у поколения старшего. Оно обладает независимостью мышления. Тем не менее ему для достижения успехов следует вооружиться сильными качествами – усердием, трудолюбием и целеустремленностью. В таком случае наш Казахстан сможет добиться новых высот!

**Д.Т. АСКАРОВ,**  
*PhD кафедры экономики*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы – жаһандану дәуірінде мемлекетіміздің өркениетте елдерімен бәсекелестікте дамуының қуатты негізі.

## Ел дамуының жаңа басымдығы

Елбасы бұдан бұрынғы «Қазақстан-2030» Стратегиясын қорытындылап, алға қойған мақсаттарға жақындап келе жатқанымызды атап өткен. Ұлттық қауіпсіздікті, ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап, нығайтудың саяси табыс болғаны да айтылды. Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті 50 елдің қатарынан табылуға ұмтылып отырғандығы да алға қойған мақсаттарға жетуде тереңнен ойластырылған шешімдер. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен күшті әлеуметтік саясат ұстану арқылы мемлекетіміз біздің басты құндылығымыз – азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сақтай бермек.

Елбасы бұл жолдауда қазіргі әлемдегі экономикада, әлеуметтік жағдай мен саясатта түрлі қауіптер тұрғанын ескерте келіп, бұдан қалай шығудың қажеттілігін нақтылап көрсетеді. Ең алдымен ауыл шаруашылығын, өндірісті интенсификациялау, ғылымда зор өзгерістер жасау – кезек күттірмес мәселелер.

Қолжетімді, сапалы білім берудің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру саласында инновациялық ізденісті, оқытудың жаңа тәсілдерін кеңінен енгізу – барша ұстаздар алдындағы ауқымды міндет. Атап айтқанда жолдаудағы мына тұжырымдар жоғарғы оқу орындарына арналғаны айқын: «Біз

қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз.

Ескірген немесе сұраныс жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажет. Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгерту. Кәсіпкерлікке бағдарланған оқу бағдарламаларын, білім беру курстары мен институттарын құру».

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайту, орыс тілімен қатар ағылшын тілін әрбір жастың білуі де Жолдауда жан-жақты айтылды. Қоғамдық прогрессивті мұраттарды жүзеге асыруда зиялы қауым жалпы ұлттық құндылықтарды бекітуде жетекші күш болып табылады. Сондықтан Жолдауды толық жүзеге асыру бүкілхалықтың жігерлі, мақсатты түрде жұмылуын талап етеді.

**Ө.С. ТАРАҚОВ,**  
*аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының меңгерушісі*

**Стратегия «Казахстан-2050» – это путь, показывающий молодежи, в какой стране они будут жить. Такое заявление сделал Президент РК Нурсултан Назарбаев, а также подчеркнул, что «Локальные замкнутые общества в XXI веке обречены на вечное отставание. Это аксиома. Как состоявшееся динамичное государство. Казахстан сформировал свое собственное видение эффективного мироустройства в новом столетии и свое место в этом развитии».**

## УМНАЯ МОЛОДЕЖЬ

Принимая во внимание все нюансы курса на инновационную экономику, КазНУ делает ставку на молодежь – умную, подготовленную, способную вывести страну в число самых развитых государств мира.

Качество экономического образования напрямую связано с научным и образовательным авторитетом вуза и наличием фундаментальной школой, связь с работодателями, качественная практика студентов, профессиональные кадры.

Университет ставит перед собой амбициозные задачи и добивается их выполнения. Для КазНУ приоритетным вопросом является воспитание и обучение подрастающей молодежи, подготовка конкурентоспособных специалистов с современным элитным высшим образованием, ориентированных на решение проблем интенсивного развития важнейших направлений экономики, науки и общественной жизни страны. Сегодня КазНУ - это не только республиканский, но и международный центр образования с достойным по-

зиционированием в мировом научно-образовательном пространстве.

В Высшей школе экономики и бизнеса обучение ведется с применением современных инновационных методик и технологий, направленных на формирование знаний, умений и навыков. Такой подход позволяет интенсифицировать процесс обучения, подготовить инициативных специалистов, глубоко знающих научно-технические и экономические основы производства, способных мыслить по-новому, умеющих принимать нестандартные решения.

Выпускники ВШЭиБ работают в Администрации Президента РК, Министерстве экономики и бюджетного планирования, Министерстве финансов, Агентстве РК по статистике, Национальном банке, коммерческих, страховых и аудиторских компаниях, одним словом во всех отраслях экономики Казахстана.

**Алия ДОСУМОВА,**  
*старший преподаватель ВШЭБ*

**Рекреациялық география және туризм кафедрасы ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларын көктемгі экскурсияларға шақырады**

## Канадаға өткен іссапар

Ағымдағы жылдың ақпан айында химия және химиялық технология факультетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының 1-курс магистранты Әсет Болатов Канаданың Чок Ривер институтының профессоры Ким Сан Бог жетекшілігімен аталған институттың қоршаған орта технологиялары зертханасында (Environmental Technologies Laboratory, AECL) екі апталық ғылыми-тәжірибеге барып келді.



AECL (Atomic Energy of Canada Limited) өз кезегінде әлемдік деңгейдегі ядролық ғылымның және техникалық лабораториялардың дамуына үлкен үлес қосып отырған дүниежүзінің ірі ядролық агенттіктерінің бірі болып табылады. Іссапар барысында Әсет тритийдің қоршаған орта объектілеріндегі формаларын анықтау әдістерін зерттеп, қазір бұл әдістемелерді жүзеге асыруға қажетті қондырғыларын құрастыруда. Республикамыздың жалпы территориясының 13 %-ының табиғи және жасанды радионуклидтермен ластанғандығын ескеретін болсақ, аталған әдістемелерді меңгеру өзекті мәселе деп айтуға болады. Сонымен қатар, оларды жетілдіре отырып, экологиялық мониторингті толыққанды жүргізе алу, соның ішінде тритий және басқа да адам ағзасына зиянды радионуклидтердің

табиғи ортадағы миграциясын анықтау халықтың радиоактивті сәулелену алуын реттеуге, есептеуге және де оның алдын алуға мүмкіндіктер ашады.

Ортақ ғылыми жоба негізінде ұйымдастырылған бұл іссапар екі жақты ғылыми тәжірибе алмасумен қатар, Қазақстан және Канада сияқты ұқсас экологиялық мәселелер мазалаған дүниежүзідегі ең ірі уран өндіруші мемлекеттердің тек экономикалық тұрғыдан ғана емес сонымен қатар, экологиялық тұрғыдан байланысын нығайту болып табылады. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын жастарға іске сәт дегіміз келеді.

**Б.С. САТЫБАЛДИЕВ,**  
Химия және химиялық технология факультетінің ассистенті

Болон процесі аясындағы академиялық ұтқырлық әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып саналады. Қазіргі таңда студенттердің академиялық ұтқырлығын арттыруға үлкен көңіл бөлінуде. Көптеген студенттер университеттің (42 келісімшарт) және ШОҰ желілі университеті (ШОС ұйымының құрамына кіретін мемлекеттер университеті) студент алмастыру бағдарламаларының көмегімен ТМД, Еуропа және АҚШ-тың ірі білім беру орталықтарында оқуға мүмкіндік алуда. Айта кететін жайт, бағдарлама бойынша ҚазҰУ-дың студенттері ғана шет елдерде өз білімдерін шыңдап қоймай, сонымен қатар шет ел студенттері де біздің университетте тәжірибе жинап жүрген жайы бар.

Сондай студенттердің бірі химия және химиялық технология факультетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасындағы ғылыми жұмысын жасаған Корей елінің Soongsil университетінің Химиялық экология инженериясы факультетінің 3 курс студенті Jeong Eun Ho. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Jeong Eun Ho үстіміздегі оқу жылында «Радиациялық экология» зертханасында глаукониттің сипаттамалары мен сорбциялық қасиеттерін зерттеу бойынша жұмыстар жүргізді.

Бағдарламадан өту барысында Jeong Eun Ho тек ғылыми зерттеу жұмысымен ғана айналысып қоймай, сонымен қатар қазақ елінің мәдениеті, тілі және тұрмыс-тіршілігімен танысып, көптеген достар тауып қайтты.

**Ш.Н. НАЗАРҚҰЛОВА,**  
Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының оқытушысы



Біздің Болгарияға сапарымыз барысында Стамбулдан өтіп, Софияның аспанынан ұшақпен қалықтағандағы алған әсеріміз керемет болды. Жарқырап созылып жатқан қала бізге Еуропаның сәнді сарайларын елестетті. Әуежайға келгенде бізді Болгария мен Қазақстанның арасында оқу-мәдени жұмыстарын жүргізуші Виолета Добичина құшақ жая күтіп алып, біз тұратын қонақүйге алып келді. Болгарияға алғаш қадам басқан күнімізден бастап елімізге оралғанға дейін барлық оқу және ғылым мәселелер бойынша демеу болып отырды. Әлі таныс емес қала бізге сондай ғажайып көрінді. Барлық ғимараттары ескі үлгіде салынған, зәулім жаңа үлгідегі сарайларды көрмейсің.

## Болгария мен Қазақстан арасындағы академиялық байланыс

Көп жылдық тарихы бар зәулім оқу ордасы – Әулие Климен Охридский атындағы София университеті Болгарияның белді, әрі ірі оқу орны. Білім беру жүйесі жағынан мемлекетте бірінші орында тұр. Біз осы университеттің тарих факультеті, этнология кафедрасында төрт ай бойы білім алдық.

«Этикет және дәстүр» пәнін доцент Джени Маджаров, «Мәдени антропология және этникалық стереотиптер» пәнін доцент Красимир Стоилов, «Антропология және жаһандану» пәнін доцент Таня Бонева, «Мәдениетаралық коммуникация» пәнін PhD доктор Нина Цветкова жүргізді. Шет елде жүріп білім нәрімен сусындап қана қоймай өз еліміздің ұлттық мәдениетін, дәстүрін танытуда үлкен жұмыс жасадық деп қуанышпен айта аламыз. Өйткені қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу арқылы біз мәдениеттанушы ретінде өзімізді жан-жақты шыңдадық. Осындай шараларға араласуға мүмкіндік берген Болгариядағы Қазақстан елшілігінің ұжымымен тығыз қарым-қатынаста болдық. Ұлы ойшылымыз Абайдың болгар тіліндегі фильмінен басталған қазақ кино апталығы, Тұңғыш Президент күні, халықаралық жәрмеңке және де ең ірі атаулы мерекеміз Тәуелсіздік күнінде болған мерекелік іс-шараларда өнер көрсету арқылы елімізді таныта білдік. Қазақ ұлттық көйлектері болгар және де басқа ұлт қонақтарының көздерінің жауын алса, ұлттық биіміз, әніміз және домбырадан шыққан қоңыр үн көрермендердің назарын аударып, қайта-қайта қол шапалақтап, қошемет көрсетпей қоймады.

8 желтоқсан - Болгарияда студенттер күні. Бұл күні біз ұстаздарымызбен бір дастархан басында, баянмен (аккардеон)

ән шырқап отырдық. Олардың ұлттық әндерінің сөздерін аса түсінбесек те, әдемі әуені бізді керемет сезімге бөледі. Біз де өз әндерімізді шырқап бердік. Біреуі Еуропа жерін мекендеп кеткен, екіншісі тарихи мекенінде өмір сүріп жатқан Орта Азияның екі халқының мәдениеті дәл сол үстел басында түйіскендей болды. Біз ұстазымыз доцент Веселин Теповичаровтың туған ауылындағы анасының үйіне қонақ болып барып бір тамаша сезімге бөленіп қайттық. 80-нен асқан қарияның жанары жәудіреп, бізді көргенде сондай қуаныштан көзінен от шашып тұрғандай болды. Ол кісінің әзірлеген дәмді тағамдары, тәтті шәйі өзіміздің ауылдағы әжелеріміздің тәтті талқанындай болды. 24 желтоқсан Болгарияда «Бъдни вечер» деп аталатын дәстүрлі күн екен. Бұл күні бізді ғылыми жетекшіміз, профессор Ирина Колева үйіне шақырып, дәл осы күнгі ырымдарды түсіндіріп, осы мәдениетке байланысты көптеген мәліметтер берді. Болгар халқы православтық христиан дінінің нанымдарын ұстанса да, көптеген пұтқа табынушылық дәстүрлерді де сақтап қалған екен. Бұл халықтың мәдениеті мен өз мәдениетіміздің ұқсас тұстарын да кездестірдік. Славян тілді мемлекет болса да, сөздерінде де ұқсастықтар бар екен. Мысалы: перде, төсек, килим (кілем), маймун (маймыл), айрян сөздері. Себебі, Осман Империясының отары болған бұл елдің тілінде түркі сөздерінің болмауы мүмкін емес. Міне, осылай күн өте келе бұл халықтың мәдениетін, тұрғындарын, қалаларын, табиғатын, ғимараттарын, әсіресе жылы қыс мезгілін сүйіп кеттік.

*Дінтану және мәдениеттану кафедрасының 2-курс магистранттары*

Академиялық ұтқырлық бойынша екі жақты алмасу

Сәбит Мұқановтың

«Өмір мектебі» туралы ой

Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романы туралы ойымды өз сөзіммен бастасам... «Құрметті оқушы достар!».

Бұл шығарманың мақсаты – Советтік дәуірде ғана прогресс жолымен аршындап алға және биікке өрлеп келе жатқан Қазақстанның өмірінен, белгілі бір уақыттарда көрген-білгенді баяндап беру ғой...

Өзі айтқандай көрген-білген оқиғаларына қысқаша шолу жасайық. (Негізгісіне).

«Өмірдің өріне». Тарауда Сәкен Сейфуллиннің өң сұлулығы мен жан сұлулығы, мінез-құлқы туралы, өзінің қалай қалыңдық тандағаны және оған қалай үйленгені туралы баяндайды.

«Күрес жолы – шытырман». Өлеңдерін шығару мақсатымен алып шаһар Москваға барғаны, ондағы оқиғалар жайлы, Сталиннің қабылдауында болғандығы туралы әңгіме өрбітеді.

Бұл романдағы әрбір тарау шағын бөлімдерден тұрады. Мен оқушы назарын осы тараудың «Көңілді сапар» деген бөліміне ерекше аударар едім. Себебі, Біріккен қазақ республикасының, Советтік бесінші съезіне, Ақмешітке сапарында, қазақтың маңдайына басқан Өміресі де, Қажымұқаны да, Иса Байзақовтай ақыны да сапарлас болады.

Олардың мінез-құлқы жайлы қызықты, өзін сүйсіне оқыған әңгімелер айтылады.

Эти строки принадлежат Сабиту Муканову – одному из основоположников казахской литературы XX века, автору бессмертных романов «Ботагоз», «Школа жизни», «Промелькнувший метеор», многих стихов, литературно-критических статей и серьезных трудов по истории, археологии, этнографии. Не случайно именно эти строки С.Муканова, 110-летний юбилей которого широко отмечался в нашей стране в 2010 году, вынесены в заглавие статьи, посвященной прогрессивным идеалам в его творчестве.

Прогрессивные, положительные идеалы в казахской литературе рождались неизменно на реальной, земной, жизненной основе. Им органически чужды какая-либо абстрактность или туманная символика: не случайно образы как положительных, так и отрицательных персонажей практически во всех прозаических произведениях казахских писателей первой половины XX века – С.Сейфуллина, Б.Майлина, С.Муканова и других крупнейших авторов – имеют реальные черты, действуют и конфликтуют в реальных жизненных условиях. Нередко основными героями произведений становились вчерашние кочевники, простые, обиженные судьбой люди из аулов, силой воли и характера сумевших преодолеть сопротивление среды, чтобы «шагать» вместе со страной. М.О. Ауэзов писал, что С.Муканов сам «всегда шагал в ногу со

«Жау жақ та қалғымайды». Қайта үйленуі, ҚазАПП құрылуы, Голощекинге арқа сүйеген Ғаббас Тоғжанов пен Сәкен Сейфуллиннің арасындағы күрес туралы сыр шертеді.

«Қарсақбай сапары». Ленинградқа оқуға баруы. Кейін жаппай колхоздестыру ісіне араласу және тұрмыстың қиыншылыққа байланысты оқуын шегеруі жайлы айтылады.

«Өмірдің өріңде». Асыра сілтеуге қарсы Мирзоянның араласуы. Қарағандыға сапары. Бұл шығарманың көркемдік жағы да тамаша. Әр адамның өмірбаяны қысқаша мазмұнды келтіріледі. Баяндалып отырған тұлғаның кескін-келбеті және мінез-құлқы шебер суреттеледі.

Шығарманың негізгі арқауы идеялогиялық күрес, яғни ұлтшылдар мен коммунистер арасындағы күрес. Мұнда қару күресі емес қалам күресі баяндалған.

Мені өте қуантқаны Сәбит Мұқановтың оқырманға жақын болуға тырысуы. Кітап түсініксіздеу болмас үшін «Құрметті оқушы достар!...» деп басталатын ескертпелер мен түсіндірмелер келтіріп отырады. Сондықтан, кітап тұлғалар мен оқиғаларға толы болғанмен оқуға жеңіл, әрі тарихтан хабары бар оқырманға ұғынықты. Осыларды айта келе, оң-солын таныған ҚазҰУ-дың әр студентіне оқуға ұсынар едім.

Баян Бекболат,  
механика-математика  
факультетінің студенті

С.МҰҚАНОВ

«Өмір мектебі»

романынан үзінді



(«Азап тауынан асу»

бөлімінен үзінді, 182 бет)

Со күннен бастап, ауыл жата, қыз үйінің есігі ішінен үнемі құлыптаулы болды, шынжыр тістелейтін қабаған иті түн баласына байлауынан босатылды... Сондай халде қыздың үйіне жақындап көр!.. Есігін ашып көр!..

Хал осылай ауыр болғанмен, жүректе лаулаған махаббат отының жалыны төсекке тиыш жатқызбай, далаға еріксіз шығарады... еріксіз Алуаның басына әкетеді, еріксіз қыздың аулын күзеттіреді... Көп күзеттер мағынасыз босқа өткенмен, аңдыған алмай қоймайды дегендей, кейбір түндері «от пен судан өтіп» дегендей, нелер қиындықтан өтіп көңілімді тындырып та қайтам...

Сондай сарғая таң күзеткен түндердің біреуінде, бір сайда Қазі екеуіміз бұғып жатып ек және бір саймен еңбектеп келе жатқан адам көзімізге ұшырай кетті... Бұл, тек махаббат жорығының ғана кезі...

(«Қызылжар» бөлімінен үзінді,  
34 бет.)

... - Қызылжар сол! Қызғылт биік жарқабаққа салынған қала болғандықтан жергілікті ел Қызылжар атаған.

- Петропавл дейтін себебі не?

- Ерте кезде қазақ жері екен дейді мұны. Осы жарқабақта Дәулеткелді дейтін бай қыстайды екен дейді, руы атығай. О заманда, біздің елдің ханы Абылға болған. Бурабайда отырған Абылайға Петр және Павел деген ағайынды екі жігіт барып, Дәулеткелді отырған қабақтан, бір өгіздің терісіндей жер сұраған. Абылай бұл сөзді қызық көрген де, ал деген. Өлгі екі жігіт өгіз терісін шарық жіптей жіп-жіңішке қып тіліп әкелген екен дейді, соны жазып жібергенде, осы қаланың орнын түгел алып кеткен. Абылай уәдесін жұта алмай, сұраған жерін берген, соған екі жігіт қала салып, солардың атымен «Петропавл» боп кеткен.

«Ликуя вместе со страной, я с нею в лад шагал.  
Я видел новые ростки.

Я новый мир познал...»

временем», а мудрый Жамбыл называл его «Балуан Шолак», подразумевая его богатырский труд на литературной стезе.

«Я сын земли, и я ее хозяин», – писал С. Муканов в своих стихах. Родившийся в самом начале XX века, выходец из бедной семьи, батрачившей на бая, сирота, научившийся грамоте у аульного муллы, преодолел невероятное количество препятствий, чтобы стать с веком наравне – аульный учитель, студент рабфака в Институте красной профессуры в Москве, профессор, академик, руководитель Союза советских писателей Казахстана, депутат Верховного Совета СССР... Его нередко называют «летописцем» нашей страны – он стал свидетелем и участником революции в степи – восстания 1916 года, гражданской и Великой Отечественной войны, увидел расцвет казахской культуры 1950-1960-х, активно способствуя этому.

Писатель принадлежал к поколению романтиков и мечтателей, искренне и страстно веривших в возможность

иной, лучшей доли для своего народа, нередко ошибался, но умел признаться в этом, и снова – «в бой». Не случайно одним из его любимейших поэтов был В.Маяковский.

Одно из лучших творений С.Муканова – автобиографическая трилогия «Школа жизни» («Өмір мектебі»), включенная в проект «100 книг, которые должен прочитать студент КазНУ», инициированный ректором нашего университета академиком Г.М.Мукановым. В ней живут и борются подлинными героями, стремящиеся к лучшей жизни не столько для себя, сколько для своего народа: С.Сейфуллин, его наставник, прививший вкус к работе в газете, М.И.Калинин, легендарные степные охотники, чекисты, литературные соратники и учителя, среди которых и М.Жумабаев...

По жанру – это мемуарный роман, один из первых образцов данного жанра в казахской литературе, очень близкий к «Моим университетам» М.Горького и вначале так и названный С. Мукановым – «Мои мектебы». Писателю всего

интереснее герои, живущие созиданием, с жадной жаждой знаний и творческой волей. В книге отражена «в лицах» драматическая история ушедшей в прошлое эпохи, борьба с отжившими свое идеалами и представлениями и в этом – ее главное достоинство. Это его итоговое произведение, за которое писатель был удостоен Государственной премии имени Абая в 1967 г., 2000-й же год по решению ЮНЕСКО был Годом С.Муканова

В недавнем Послании Президента РК Н.А.Назарбаева «Казахстан-2050» говорится, что будущий Казахстан должен быть обществом прогрессивных идеалов, а основу современным взглядам нашего общества должна дать именно интеллигенция. Думается, «Школа жизни» С.Муканова в этом контексте будет востребована ее читателями.

Н.К.САРСЕКЕЕВА,  
к.ф.н., доцент кафедры русской  
филологии, русской и мировой  
литературы

Бетті жүргізген өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

Сборная команда знатоков КазНУ вышла в полуфинал телевизионного проекта «Интеллектуальные олимпиады»

«Ұстаз» деген ұлағатты мамандық иелерінің қоғам алдындағы зор міндеті – шәкірт болмысын тану арқылы бейіміне қарай жол сілтеу екендігі баршаға аян. Келешек ұрпақтың жаңа бір өмір белесіне көтерілген сәтте болашағына жол ашып, ұрпағының тәлімді де тәрбиелі, дарынды да білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болып шыңдалуына, жүрегіне имандылық нұрын себуде, зерделі шәкірт қалыптастыруда аянбай тер төгіп, үлгілі еңбек етіп келе жатқан ұстаздар туралы айтылар әңгіме ешқашан таусылмақ емес.

## Ұстазы жақсының ұсташы жақсы...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түскен кезде алдымызда біз еңсере алмастай көрінетін қиындық, «қаһарын» шашқан қатал мұғалімдер күтіп тұр деп ойлап, көңілімізді ауыр оқисатын. Қиындықпен де, «қатал» мұғалімдірмен де, керісінше жайдары ұстаздармен де жүздесіп, жаңа әлемге қадам басқандаймыз. Соның ішінде мен іні орны ерекше, біздің университет қабырғасындағы екінші анамыздай болып кеткен куратор-эдвайзеріміз –

Сәрия Баймұханқызы. Ол кісі – Есеп және аудит кафедрасының белді оқытушыларының бірі.

Ең алғаш ол кісі жайлы жоғары курс студенттерінен білдік, олар бізге кафедрадағы ең қатал талапты мұғалім екендігін айтты. Сәрия Баймұханқызының бірінші сабағынан бастап қатты дайындала бастадық, ол кісі әрбір студентті мұқият тындап, өткен дәріс сұрақтарын қойып отырып бізді шыңдап, өте әділ бағалайды. Әрбір кураторлық



сағаттарды жібермей, ақыл-кеңесін бере отырып, әділ болуға, ешуақытта өтірік айтпауға шақырады. Факультет, кафедра, топ көлемінде түрлі іс-шаралар өткізіп тұрады. Дәрісті өте түсінікті тілмен, әрбір студенттің санасына сіңіріп беретіндей етіп оқиды. Ал, ол біздерге, студенттерге, өмірлік азық болады десем қателеспеймін. Сәрия апай бізбен бірге театрға да, жетімдер үйіне де, табиғат аясына да, түрлі концерттерге де шығады, бізді жалғыз қалдырған емес.

Бірде топпен табиғат аясына шыққанда 7-8 шақырым қашықтықтағы «Түрген» сарқырамасына жаяу көтерілу қажет болды. Оған жету жолында біреулеріміз шыдай алмай артқа қайтып, біреулеріміз шаршап отырып демалып жатсақ, Сәрия апай соңына дейін демалмай бізден бұрын жетіп алды. Сол кезде бәріміз апайымыздың жігерлілігіне таң қалып, ол кісіні жаңа бір қырынан таныдық.

Абай атамыз: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деген ғой. Сол үш қасиетті де мен Сәрия апайдың бойынан көре аламын. Ол кісі – біздің ерқайсымыздың ішкі сырымызды түсінетін, әрбір қиын сәттерде ақыл айтып, теріс кетсек жөнге салудан еш жалықпайтын және ашуды ақылға жеңдіре білетін сүйікті ұстазымыз, тәрбиешіміз.

«Ұстаз ұстаз емес өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт шәкірт емес өз ұстазын сүймесе» дегендей, біз үшін сан рет отқа түсіп бізге араша болар, пана да дана эдвайзерімізді қадірлеп, ерқашан ұстамды және сабырлы Сәрия Баймұханқызына шынайы алғысымды білдіргім келеді.

**Нұржамал ЕСЕНТАЕВА,**  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті

Қазақ халқы өзінің бірнеше мыңжылдық тарихында қазіргі ұрпақ мақтан тұтар небір жарқын беттерді және де қазіргі ұрпаққа сабақ болар қайғы мен қасіретке толы ащы беттерді басынан өткерген. Қазақ халқы жеке халық ретінде тарих сахнасына көтерілгеннен кейінгі тарихтың алғашқы ащы сабақтарының бірін XVIII ғасырдың 20-шы жылдары көреді. Халықтың тарихи санасында сол жылдардағы ауыр күндер «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атаумен сақталып қалды. Үстіміздегі жылдың көктем айларында сол оқиғалардың басталғанына – 290 жыл толып отыр.

# «АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА» жылдарына – 290 ЖЫЛ

1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығы саяси жағынан ауыр дағдарысқа ұшырап, елдің бірлігі бұзылады, бытыраңқылық етек алады. Жүздерді билеген кіші хандар өз алдына дербестеніп, қазақ хандығын саяси-әкімшілік жағынан бөлшектейді. Осы сәтті тиімді пайдаланған көршілер – Жоңғария, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар және де Орта Азия хандықтары жан-жақтан қазақ ұлыстарына шабуылдар жасады. Солардың ішіндегі ең қауіптісі, шығыстағы ежелгі қарсылас – Жоңғар мемлекеті болды. Ең ауыр соққы 1723 жылы көктемде жасалынды. Қаратау мен Арыс өңіріндегі қазақтардың көп бөлігі жаудың қолынан қаза тауып, Алтай өңірі толығымен жоңғарлардың қолына көшті. Қапыда қалған қазақ рулары мекендерін тастап, Сырдарияның арғы бетіне ауа көшті. Сырдариядан өткен Ұлы және Орта жүз қазақтарының басым бөлігі Ходжентке, Орта жүз қазақтарының біраз бөлігі Самарқанға, ал Кіші жүз қазақтары Хиуа мен Бұхара

хандықтарының территориясына өтіп кетті. Осылайша, 1723-1728 жылдардағы жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының біраз бөлігінің жойылып кетуіне, көшіп барған аймақтарда қалып қоюына алып келеді. Жоңғар шапқыншылығының тегеуріні соншалықты қазақтарға ұлттық мемлекеттілігінен айырылып қалу қаупі туады. Алайда үш жүздің билері – Төле би, Қазыбек бисияқты данышпандардың және атақты қазақ батырларының арқасында шашырай бастаған ел бір халық болып бірігіп, жауға қарсы азаттық жариялайды. 1727 жылы Ордабасы тауында біріккен халық жасағы құрылып, оны кіші жүздің ханы Әбілқайыр (1693-1748) басқарды. Әбілқайыр хан және Бөгенбай батырдың басшылығымен қазақтың ержүрек батырлары Қаракерей Қабанбай, ошақты Саурық, Шақшақ Жәнібек, тама Есет, Малайсары, тарақты Байғазы және т.б. батырлар 1729-1730 жылдары басқыншыларға бірнеше мәрте күйрете соққы беріп, Кіші жүз бен Орта жүз жерлерінің біраз бөліктерін жаудан тазартады.

Осы бір қасіретті оқиға ел санасына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөз тіркесімен енген болса, ал халық ауыз әдебиетінде «Елім-ай» атты мұңды әрі қайғылы өлеңмен сақталынып қалды.

«Ақтабан шұбырынды» терминін ғылыми әдебиетке XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ-жоңғар соғыстарының бір кезеңінің атауы ретінде XX ғасыр басындағы алаш көсемдерінің бірі, қоғам қайраткері әрі тарихшы Мұхамеджан Тынышбаев енгізеді. Ол ұстазым деп есептейтін академик В.В. Бартольдтың Шығыс тарихынан докторлық диссертация қорғауының 25 жылдығына арнап Ташкенттегі достарымен бірге бір ғылыми жинақ шығармақ болады. Осы жинаққа М.Тынышбаев 9-10 беттік «Ақтабан шұбырынды» (Великие бедствия и великие победы казаков) атты мақаласын жариялайды. Сол кезден бастап бұл атау барлық оқулықтарға еніп кетеді.

Қорытындылай келе айтарымыз, тарихымыздан көріп отырғандай, кез-кел-

ген мемлекеттің, қоғамның тұрақтылығы мен дамуының ең басты кепілі – биліктегі басшылар мен қарапайым халықтың бірлігі, ынтымағы. Алайда ішкі бірлігі мен ынтымағы жоқ, алауыздығы өршіген қоғамда халықтың кімге жем болатыны, ал кімнің жеңіске жететіні айдай анық. Мұны XVIII ғасырдың басында қазақ халқының басынан өткен оқиғалар барысы – «Ақтабан шұбырынды» жылдары көрсетіп отыр. Қазіргі таңда алыс болашаққа көз жүгіртіп, арман-мақсаттарын бар әлемге паш етіп жария өткен қазақ еліне, ең алдымен, ішкі бірлік пен ынтымақты сақтау, ешбір алауыздықтарға бой алдырмау ең басты міндет болып саналуы керек. Мұны бізге тарихтың ащы сабақтарының беріп отырған тәлімі деп түсіну қажет.

**Б.Б.Кәрібаев,**  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
профессор;  
**А. Қалиева,**  
тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті

3 сәуірде механика-математика факультетінде ақын, драматург, композитор Исраил Сапарбаймен кездесу өтеді



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА  
Фототілшілер: Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 10327

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.